

МРНТИ: 15.41.59.

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.18>

Ф.Ә. Сахиева<sup>1</sup>, Б.Б. Исатаева<sup>2</sup>, Г.А. Момбиева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Шымкент қ., Қазақстан,

<sup>2</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қ., Қазақстан,

<sup>3</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР

### *Аңдатпа*

Мақалада заманауи қоғамның жаһандануы мен қарқынды даму жағдайында өскелең ұрпақтың оның ішінде жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың мазмұны қарастырылған. Қазіргі таңда жас ұрпақтың девиантты мінез-құлқы әлеуметтік нормаларды бұзу және әлеуметтік ауытқы ретінде түсінілетін жаппай сипатқа ие болды. Авторлар аталған мәселе аясында шетелдік және отандық психологтардың теориялық тұжырымдамаларын, ғылыми көзқарастары мен ой-пікірлерін егжей-тегжейлі талдап, мән-мағынасын ашып көрсетті. Заманауи қоғамдағы кәмелетке толмағандардың девиантты және делинквентті мінез-құлқының психологиялық мәселелері талданған. Мақалада жасөспірімдердің тұлғалық жеке қасиеттерінің динамикасы мен жыныстық-жастық ерекшеліктерінің мазмұны ашылған. Заманауи қоғамдағы кәмелетке толмағандардың девиантты және делинквентті мінез-құлқының психологиялық мәселелері талданған. Сонымен қатар, заманауи қоғамда девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасы, қазіргі заманауи жасөспірімнің жеке басының өзіндік сана-сезімінің ерекшеліктері сипатталған.

**Түйін сөздер:** девиантты мінез-құлық, заманауи қоғам, жасөспірімдер, қиын балалар, кәмелетке толмағандар, өскелең ұрпақ.

*F.A.Sahiyeva<sup>1</sup>, B.B.Isatayeva<sup>2</sup>, G.A.Mombieva<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*M.Auezov South Kazakhstan State University,  
Shymkent, Kazakhstan,*

<sup>2</sup>*K.Zhubanov Aktobe regional state University,  
Aktobe, Kazakhstan,*

<sup>3</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan*

## MODERN SOCIETY AND ADOLESCENTS WITH DEVIANT BEHAVIOR

### *Abstract*

In the article are considered the issues of deviant behavior of teenagers underage in the context of globalization and developing modern society, which undoubtedly has a significant impact on the formation and formation of the personality of the younger generation. At the present stage, deviant behavior of the younger generation is described as a social deviation and violation of social norms. The authors presented the content of theoretical concepts and scientific views of prominent foreign and domestic scientists psychologists on the problem of deviant behavior of modern adolescents. The article describes the dynamics of individual and age characteristics of adolescents. The article considers the psychological basis of deviant and delinquent behavior of minors in the conditions of globalization of modern society. The article presents individual features of self-awareness of modern adolescents, describes interpersonal communication of adolescents with deviant behavior in modern society.

**Keywords:** deviant behavior, modern society, teenagers, difficult children, minors, the younger generation.

Сахиева Ф.А.<sup>1</sup>, Исатаева Б.Б.<sup>2</sup>, Момбиева Г.А.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Южно-Казахстанский государственный университет имени М.Ауэзова,  
г. Шымкент, Казахстан,

<sup>2</sup>Актюбинский региональный государственный университет имени А.Жубанова,  
г. Актюбе, Қазақстан,

<sup>3</sup>Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## СОВРЕМЕННОЕ ОБЩЕСТВО И ПОДРОСТКИ С ДЕВИАНТНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ

### Аннотация

В статье освещаются вопросы девиантного поведения подростков несовершеннолетних в условиях глобализации и развивающегося современного общества, что несомненно оказывает значительное влияние на формирование и становления личности подрастающего поколения. На современном этапе девиантное поведение молодого поколения описывается как социальное отклонение и нарушение социальных норм. Авторы представили содержание теоретических концепций и научных взглядов выдающихся зарубежных и отечественных ученых психологов по проблеме девиантного поведения современных подростков. В статье описывается динамика индивидуальных и возрастных особенностей подростков. Рассматриваются психологические основы девиантного и делинкветного поведения несовершеннолетних в условиях глобализации современного общества. В статье представлены индивидуальные особенности самосознания современных подростков, описываются межличностное общение подростков с девиантным поведением в современном обществе.

**Ключевые слова:** девиантное поведение, современное общество, подростки, трудные дети, несовершеннолетние, подрастающее поколение.

Қоғамның жаһандануы мен қарқынды дамуы жағдайында жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлық әлеуметтік нормаларды бұзу және әлеуметтік ауытқы ретінде түсінілетін жаппай сипатқа ие болды және мұндай өзекті мәселе әлеуметтанушылар, психологтар, педагогтардың, құқық қорғау органдары мен медицина қызметкерлердің назарын аударды.

Девиантты мінез-құлық бұл – заманауи қоғамда болып жатқан әр түрлі оқиғаларға агрессивті жауап беру. Бұл тақырып бүгінде психологтардың ерекше назарында. Өйткені, заң бұзушылық жыл санап жасарып келеді. Әсіресе, жасөспірімдер арасында өзін-өзі ұстай алмау, қит етсе қарсы келу, мектеп қабырғасында қалыптасқан қарапайым ережелерге бағынудан бас тарту, дөрекілік, қатыгездік көп көрініс беріп отыр.

Қазақстандық ғалым-психологтардың (А.Т. Ақжанова, С.М. Жақыпов, Ж.И. Намазбаева, Т.Қ. Шалғымбаев, Х.Т. Шерьяданов) жетекшілігімен девиантты мінез-құлықтың түрлі аспектілеріне зерттеу жүргізілуде. Зерттеудің негізгі бағыттары: жеке қасиеттерінің динамикасы, жыныстық-жастық ерекшеліктері, делинкветті жасөспірімдерінің тұлғааралық қарым-қатынасы, қазіргі жасөспірімнің жеке басының өзіндік сана-сезімінің ерекшеліктері, интернаттық мекемелер түлектерінің мінез-құлқының деструктивтілігі және бейімделуі, кәмелетке толмағандардың девиантты және делинкветті мінез-құлқының психологиялық мәселелері және т.б. [1].

Жалпы, девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің ата-анасы балаларының бойында бағынудан бас тарту, мүмкіндігінше ата-анаға қарсы келу, сөз қайыру іспетті қылықтардың бар екендігін мойындайды. Бірақ, бұл мінезді жұмсартуға келгенде салғырттық танытады. Бірі уақыттың жоқтығын (жұмыс бастылық, үй шаруасынан қолдың босамауы) алға тартса, ендігі біреулері шарасыздықтарын желеу етеді. Яғни, баланың мінезін қалыпқа түсіруге ата-ананың рөлі ерекше. Өйткені, мұғалім баламен ары кетсе күніне 2 сағат жұмыс істеуі мүмкін. Ал алған уақытта бала әке-шешесінің еркінде. Ал девиантты мінез-құлықты балалар бұл – керісінше мұғалім тарапынан болсын, ата-ана тарапынан болсын ерекше қарым-қатынасты және айрықша көңіл бөлуді талап ететіндер. Сондықтан, әке-шеше жат қылықты баланың көзінше үйдегі ұрыс-керіс, жанжал, баланың ызасын тудыратын (арақ ішу, шексіз ұрсу, талапшылық) әрекеттерді шектеуі тиіс. Мен бұны бекерден алға тартып отырған жоқпын. Қазіргі таңда «әке мен бала» арасындағы қарым-қатынаста шиеленіскен жағымсыз тұстар өте көп. Яғни, жасөспірімдердің ішінде өзіне деген ата-анасының қатынасы көңілдерін толтырмайды. Нәтижесінде әке-шешеге деген селқостық үйден қашу, мұғалімнің сөзін құлаққа алмау, тіпті суицидтің туындауына жол ашатын агрессия пайда болады.

Бір сөзбен айтқанда, баланың, жасөспірімнің өзіндік менінің толыққанды қалыптасуында әке-шешенің байланысы үлкен рөл атқарады.

Осы орайда, статистикалық зерттеулерге қарағанда жасы толмаған құқық бұзушылардың 44 пайызы сәтсіз отбасында тәрбиеленгендер. Ғұлама ғалым А.Е. Личко отбасының сәтті дәрежесін талдай келіп, жиі кездесетін төрт жағдайды бөліп көрсетеді:

1. Отбасындағы қамқорлықты күшейту (гиперопека) баланың ішкі өмірінің көріністерінен (оның ойлануына, сезіміне, мінез-құлқына) отбасындағы қаталдыққа дейін әртүрлі дәрежеде қатысу тілегінің болуы;

2. Немқұрайлық (гипоопека), балалардың жиі, шамадан тыс бақылаусыз қалуы [2].

Бұл – мәселенің бір ұшы. Девиантты мінез-құлықты тудыратын тағы бір мәселе, ол – теңсіздік. Еліміздің нарықтық қатынасқа көшуінің салдарынан қоғамда мен мұндалап тұратын байлар мен бірді бірге жалғай алмас кедей топтар пайда болды. Қоғамда әлеуметтік және экономикалық әр түрлілік белең алды.

Осы орайда, Куперсмиттің зерттеу жұмысының нәтижесін айта кеткен жөн шығар. Ол девиантты мінез-құлықты зерттеу барысында баланың өзін-өзі бағалауы мен оның іс-әрекеті арасындағы байланыстың баланың әлеуметтенуіне көп ықпал ететіндігін дәлелдеген. Нақтылап айтқанда, баланың өзін-өзі өте төмен бағалауы, қалыптасқан әдептен ауытқуына тікелей түрткі болады. Ал ол өз кезегінде ата-ананың балаға шамадан тыс көп талап қоюымен деген қорытынды жасаған. Яғни, баланың әке-шешенің көңіл-күйіне тәуелді болуы, оның томағай тұйықталуына, өз пікірін еркін айта алмауына, қоршаған ортасына тез сіңісіп кетуіне кедергі жасайды. Куперсмит «Предпосылки самооценки» атты еңбегінде баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуында отбасының алар орны жоғары деп көрсеткен. Бір қызығы зерттеу барысында балалардың да, ата-аналардың да, мұғалімдердің де пікірлері 90 пайызға бір жерден шыққан. Зерттеу барысында, өзін өте жоғары бағалайтын, орташа және тым төмен бағалайтын балалар анықталған. Баланың өзіне берген бағасы көбіне мұғалімдер мен ата-аналардың берген бағасымен теңдей шыққан. Әке-шешесінің қамқорын сезіп, өзінің дамуына ата-анасының аса үлкен ілтипатпен араласуын сезген балада қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, белсенділік, дүниені тануға деген қызығушылық оянады [3].

Баланың іс-әрекетінде ауытқудың пайда болуына отбасының да итермелеуі мүмкін. Бұл осы саланы зерттеп жүрген мамандардың пікірі. Мысалы, Г.П.Бочкарева өз еңбектерінде өз балаларына салқынқанды, немқұрайлы қарап, дөрекілікке жол беріп, балаларымен эмоционалды қарым-қатынас жасамайтын отбасыларда өскен балалар аморальды өмір сүруге бейім келетінін анықтаған. Ал А.Е.Личко ХХ ғасырдың 80-жылдары ата-аналардың басым бөлігі негізгі көңілді балаларына емес, өздеріне бөлген. Нәтижесінде, өте қатыгез, сөзге тоқтамайтын балалар көбейі кеткен. Осы тұста, Б.Н.Алмазов «қиын» балалардың пайда болуына бейім отбасыларды 4 категорияға бөліп қарастырған:

1. Балаға тәрбие беру ресурстары жоқ отбасы (толық емес немесе ажырасқан және ата-анасының бала тәрбиесіне келгенде түйсіктерінің төмен болуы);

2. Кикілжіңді отбасы;

3. Рухани әлсіз отбасы (көзқарастары бір жерден шықпайтын, белгілі бір мақсатқа жетуде өзгенің пікірімен санаспайтын);

4. Психологиялық, педагогикалық тұрғыдан компонентсіз отбасылар [4].

Бала ес біліп, жан-жағын аздап тани бастағаннан-ақ бойында еліктеушілік қасиет пайда болады. Өзін қоршаған ортамен байланыстыру да әке-шешесіне еліктеу арқылы енеді. Мысалы, бала қолына қасықты ұстағанда оны ауызға апару керек екендігін, қалам алғанда онымен жазу қажет екендігін, ыдыстың қақпағын алғанда оны жабу керек екендігін үлкендерге еліктеу арқылы біледі. Сәл өсіп, тілі шыққанда үйдегі үлкендерге ұқсап сөйлеуге тырысатын болады. Осы еліктеушілік жасөспірімдік шаққа жеткенде де бойында болады. Сондықтан қазақ «бала әдепті болуы үшін ата-ана ізетті болуы керек» деген. Ұясында әдептілікті бойына сіңірген және еліктеуге тән жақсы жандар жанында жүрген жасөспірімдердің бойынан, тіпті көзқарасынан әдепті тән еткендігі есіп тұрады. Сол себепті, қазіргі психологияда «қиын кезең» аталып жүрген жасөспірімдік шақта еліктеуге негіз етіп алған адамға көп дүние байланысты. Бұны қазақ бір-ақ сөзбен шегелеп қойған: «ұлың өссе ұлы жақсымен көрші бол, қызың өссе қызы жақсымен көрші бол». Яғни, кезінде жасөспірімдердің бойында туыстарының немесе көрші-таныстарының арасында өзіне жақын тартқан адамына еліктеу басымырақ болса, бүгінде ақпарат құралдарының арқасында атақты әншіге, спортшыға, актерлерге еліктеу көбірек. Егер де еліктеуге осы іспетті жағымды адамдар іліксе, онда ешқандай патология жоқ. Өйткені, оның бәрі уақыт өте артта қалады. Ал егер еліктеуге «жағымсыз адам» негіз болса, онда одан көптеген аномальды әрекеттерді күтуге болады.

Әсіресе, ол күнделікті көріп жүрген жағымсыз жан болса. Мысалы, еліктеуге ішімдікке жақын немесе нашақор адам іліксе, жасөспірім оның аузынан шыққан әрбір өтірік-шыны аралас әңгімені құлағының құрышын қандыра тындап, оның қай жерде жөнін айтып, қай жерде көпіртіп жібергендігін сараптамастан аузын ашқан күйде бәрін бірдей шынайы қабылдайды. Нәтижесінде, өзінің «кумирынан» асып кетуді армандап, соның жолында әр түрлі қитұрқы істерге қол жұмсайды. Кейде тіпті сондай әдепті, әкешешесінің сөзін екі етпейтін балалардың да істі болғандардың әңгімесін тындап, өздеріне беймәлім және өте қызықты, шиеленіске толы өмір дәмін татқысы келіп, ішімдікке ерте салынып кеткендер де бар. Мысалы, көшеге шыққанда байқаңызшы, бір немесе бірнеше рет істі болғандардың жанында міндетті түрде топырлап жиналған жасөспірімдерді көресің. Бұл жерде де айта кететіні, істі болған адамға тек тындаушы аудитория ғана керек емес, сол ауыздарынан суы ағып тындаған тындармандарды өз мақсатына пайдалануға тырысады. Сөйтіп, алғашында ішімдікті өзі алып беріп, соңында шешесінен ақша алуды немесе құнды заттарды алып шығуды талап етіп, ішімдікке бейімдейді. Өзімен тең санап, жалған әңгімемен еліртіп алған «кумиріне» қайтіп «жөк» деп айтсын. Қайта барынша оның көңілін табуға тырысады. Ал егер жағымсыз, істі адамның жанында бір топ жасөспірім жиналған болса, оның талабына көнбесе шара қалдырмайды. Өйтпеген жағдайда, сол тобырдың ана сүті аузынан кетпеген боқ мұрыны деген сияқты мазақы сөздің астында қалады [5].

Ғалымдардың пікірінше криминалды топтың жанында аз уақыт тұрғанның өзі жасөспірімнің психологиясына кері әсер етіп үлгеретін көрінеді. Нәтижесінде, тәп-тәуір оқып жүрген оқушының өзі сабақтан қашып, оқуға деген немқұрайлығын танытады. Өйткені, оларға криминалды топтың әңгімесі әлдеқайда қызық және үлкен өмірді тануға деген құлшыныс арта түседі. Олардың өздерінің құпиясырлары пайда болады. Мұндай кездесулерден алғашында бала сәл бұғатын болса, бірте-бірте тіпті өтірік айтуға бой үйретеді. Және бұның барлығы жаңағы криминалды топтың «көшбасшысының» әмірімен жүргізіледі. Ал ата-ана болса баласының ендігі өмірі толығымен кімнің қолында екенін білмеуі де мүмкін. Бұның ақыры топтасқан аномальды іс-әрекеттердің туындауына кепіл. Сол себепті девиантты мінез-құлықты оқушылармен жұмыс істеу барысында міндетті түрде әке-шешесін де негізге алу керек. Әсіресе, бала тәрбиесінде ананың рөлі басым. Бұны Л.И.Божович, Р.Бернс, И.Кон сияқты ғалымдар ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, “бала мен ананың арасында қашанда эмоционалды байланыс болу міндетті түрде қажет”, - деген [6].

Баланың ата-анаға, ата-ананың балаға деген ықпалын зерттеу барысында регрессионды талдау маңызды. Оқушының агрессивтілігі оның құрдастарының берген жауабына байланысты шығарылған. Нәтижесінде, ананың балаға теріс көзқарасы тәрбиелеу құралы ретінде күшті (яғни, ұру-соғу әдісі) пайдаланылуы бала бойында агрессивті іс-әрекетке баруына итермелеп отырған.

Ал Боулби болса ата-ананың бойындағы патогенді іс-әрекеттерді мынадай типтерге бөліп қарастырған:

1. А типі – әке де, шеше де ұл балаға немұрайлықпен қарайды немесе мүлдем көңіл бөлмейді;
2. В типі – бала көбіне отбасында кикілжіндерді шешу құралына айналады;
3. С типі – баланы жақсы көрмей қаламын немесе үйден кетіп қаламын деп қорқытуды дисциплинарлы әдіс ретінде пайдалану;
4. Д типі – ажырасу, әкенің немесе шешенің өліміне, ауырып қалуына «сен кінәлісің», - деп баланы сендіру;
5. Е типі – баланың қасында оны жақсы көретін, жанын түсінетін, әке-шешесінің немқұрайлылығын сездірмейтін біреудің болмауы [7].

Баланың өзіндік «мені» өте төмен болған жағдайда кез-келген қарапайым қатынастың өзі оқушы үшін үлкен қиындық тудырады. Кім өзінің істеген ісінің ескерусіз қалғанын қалайды? Бәріміз де қандай жағдайда болмасын жасаан немесе атқарған жұмысымыздың жоғары бағаланғанын қалаймыз. Сол себепті оқушы қанша жерден нашар оқысын, өз пікірін толыққанды жеткізе алмасын, соған қарамастан, жеке пікірін айтуға сәл де болса қызығушылық танытса, соның өзін іліп алып, берген жауабын бірден жоқа шығармай, барынша ойын жеткізуге жағдай жасаған жөн. Сол кезде баланың бойында «менің де қолымнан келеді», - деген пікір қалыптасып, келесі жолы алғашқысына қарағанда әлдеқайда тәуіррек жауап беруге ниеттенеді. Сөйтіп, сабаққа деген қызығушылық оянуы мүмкін. Осы әдісті тек психолог қана емес, басқа пәннің мұғалімдерінің де пайдалануына кеңес берген жөн. Ал девиантты мінез-құлықты баланың берген жауабына оқушылар күлген жағдайда, сол күлген оқушыға не ескерту жасау қажет, оған көнбеген жағдайда қосымша жаза (қосымша тапсырма беру, сыныптан тыс уақытта алып қалып тапсырма беру) пайдаланған абзал. Өйткені, кез-келген оқушы қосымша жұмыстан немесе сыныптан тыс уақытқа қалуды ұнатпайды. Есесіне келесі жолы жасаған мазағы есепсіз қалмайтындығын біліп өзін-өзі камшылайтын болады [8].

Қорыта келе, жалпы девиантты мінез-құлықты оқушылармен қарым-қатынас жасауда отбасы мен баланың арасында өте жағымды және жайлы психоэмоционалды климаттың міндетті түрде болу қажеттігін әке-шешенің санасына сіңіруін тақақтап айта тұру қажет. Аталған өзекті мәселелердің шешімі – психодиагностикалық әдістері мен түзету жолдарын өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып таңдау қажет, себебі қандай да бір шараны қолданарда, әр адамның жеке және жас ерекшеліктерімен қатар, ұлттық ерекшеліктерді ескеру айтарлықтай нәтиже бермек. Демек жасөспірімдердің бойында девиантты мінез-құлық нышандарынан арылу арқылы, олардың бойына қоғамымызда қабылданып, орнығып келе жатқан рухани жаңа құндылық бағдарларды соның ішінде, әсіресе, ең алдымен, ұлтжандылықты, азаматтылықты, жоғары моральдық және адамгершілік қадір-қасиеттер мен мұраттарды, өзге ұлт өкілдеріне деген құрмет пен сыйластықты, сонымен қатар қоғамдық тәртіп ережелері мен құқықтық нормалардың талаптарын мүмкіндігінше орындау үрдісін қалыптастыруға болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Акажанова А.Т. Развитие отдельных отраслей отечественной психологической науки // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Психология», – 2018. – №2(55). – б. 13-18.
2. Орманова З.К., Керімбаева Қ.М. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын сипаттаудың мәні // Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршы» журналы, «Психология» сериясы, 2017 - №4(53) - Б. 116-120.
3. Перешейна Н.В., Заостровцева М.Н. Девиантный школьник: Профилактика и коррекция отклонений. – М.: ТЦ Сфера, 2006. – 192 с.
4. Акажанова А.Т. Девиантология. Оқу құралы. – Алматы: NURPRESS, 2014. –126 б.
5. Байярд Р.Т. Ваш беспокойный подросток. - М.: Просвещение, 2007. - 63 с.
6. Ранняя профилактика девиантного поведения детей и подростков / Под ред. А.Б. Фоминой. – М., 2010. - С.115.
7. Айхорн А. Трудный подросток. – М.: КСМО-Пресс, 2011. – с. 304.
8. Слободчиков И. М. Современные исследования переживания одиночества // Психологическая наука и образование. –2007. –№3. –С. 27 – 35